



БҮІРҮҚ

ПРИКАЗ

24.05.2024 ж.

Astana qalasy

№ 54-НҚ
город Астана

«Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының тұтынушыларына тауарлық газды магистральдық құбыр жолдар арқылы тасымалдау қызметіне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 15) тармақшасына, 1-тармағының 2) тармақшасына және 33-бабы 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына, сондай-ақ Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 230-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 20 қарашада №19617 болып тіркелген), 2022 жылға «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы ұсынған бекітілген тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерді талдау нәтижелері негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының тұтынушыларына тауарлық газды магистральдық құбыр жолдар арқылы тасымалдау қызметіне 2024 жылғы 1 шілдеден бастап 2025 жылғы 30 маусымға дейін, ҚҚС-ты есепке алмағанда, 1000 м³ үшін 5 420,30 теңге мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2021 жылғы 26 қарашадағы №130-НҚ «Қазақстан Республикасының магистральдық газ құбырлары арқылы тауарлық газды тасымалдау жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған реттеліп көрсетілетін қызметке «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының тарифі мен тарифтік сметасын бекіту туралы» бұйрығының қолданысы осы бұйрықтың қолданылу кезеңіне тоқтатылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Мұнай және газ тасымалдау саласындағы реттеу басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика

КӨШІРМЕ
ДҰРЫС

004321

министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің интернет-ресурсында орналастырсын және «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Табиғи монополияларды
реттеу комитетінің
төрағасы**



А. Дарбаев

**КӨШІРМЕ
ДҰРЫС**